

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық инспекциясы қызметкерлерінің жалақы кестесі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 16 шілде 1992 ж. N 605. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында жалақыны өсіру және бағаны реттеу туралы" 1992 жылғы 25 сәуірдегі N 730 Жарлығын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық инспекциялары қызметкерлерінің қызмет жалақылары 1-5 кестелерге сәйкес белгіленсін.

Осы қаулыда көзделген қызмет жалақылары 1992 жылғы 1 мамырдан бастап енгізіледі.

2. Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 9 қыркүйектегі "Қазақ ССР Мемлекеттік салық қызметінің мәселелері" деген N 520 қаулысымен бекітілген Қазақ ССР Мемлекеттік салық қызметі органдары қызметкерлерінің еңбек ақысын төлеу Шарттарынан мынадай сөздер алынып тасталсын:

3-тармақтың бірінші абзацынан: "мен материалдық көтермелеу және әлеуметтік даму қоры";

3-тармақтың екінші абзацынан: "лауазымдық жалақының 30 процентіне дейінгі мөлшерде";

3-тармақтың үшінші абзацынан: "мен материалдық көтермелеу және әлеуметтік даму";

3-тармақтың төртінші абзацынан: "Мемлекеттік салық қызметінің басшыларына және олардың орынбасарларына берілетін сыйлық олардың төрт айлық лауазымдық жалақысынан аспауы тиіс".

3. Мыналар күшін жойды деп танылсын:

Қазақ ССР Мемлекеттік салық органдары қызметкерлеріне еңбек ақы төлеудің осы Шарттарының 5-тармағы;

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық инспекциялары қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының кестесі туралы" 1992 жылғы 7 ақпандағы N 100 қаулысы.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында жалақыны өсіру және бағаны реттеу туралы" 1992 жылғы 25 сәуірдегі N 730 Жарлығымен бюджеттік қаржыландырудағы мекемелер мен ұйымдар

қызметкерлеріне жалақы төлеудің қолданылып жүрген басқа да шарттары, оның ішінде үстеме ақының, қосымша ақының, сыйлықтардың және ынталандыру, өтеу сипатындағы басқа да төлемдердің мөлшерлері сақталғаны ескерілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1992 жылғы 16 шілдедегі

№ 605 қаулысына қосымша

№ 1, 2, 3, 4, 5

кестелер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК